

**8D02301 – Филология білім беру бағдарламасы бойынша философия
докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қорғауға ұсынылған**
Алшынбаева Молдир Айdosовнаның
**«Киелі ұғымдардың тілдік көрінісі (қазақ, ағылшын тілдеріндегі
материалдар негізінде)»**
тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

ПКР

Қазіргі заманғы лингвистика ғылымының дамуы тілдің құрылымын, қолданылу қызметіне тән ерекшеліктерін жаңа ғылыми бағыттармен байланыстыра қарауды қажет етіп отыр.

Диссертациялық жұмыс тақырыбы тіл ғылымының өзекті бағыттарына және мемлекеттік бағдарламалар, ғылымды дамытуға арналған заңдар негізінде жүргізілген және тіл білімінің антропоөзектік бағыттына сәйкес келеді.

Зерттеудің мақсатына, нысанына, көтеретін проблемасына байланысты киелі ұғымдар дінтанды, әлеуметтану, философия ғылымдарында біршама зерттелген. «Киелі» ұғым туралы түсінік әр ғылымда түрліше сипатталады.

Қазіргі тіл біліміндегі өзара туыс және туыс емес тілдерді салыстырмалы-салғастырмалы тіл білімінің ұстанымдары мен әдістемелерін кең қолдана отырып зерттеу отандық және шетелдік тіл біліміндегі ерекше дамып келе жатқан жаңа бағыттардың бірі болып саналады. Туыс емес тілдерді сол тілдердің өздеріне тән тілдік заңдылықтарға сүйене отырып, өзара салғастыра зерттеу, әсіресе қазіргі жаһандану заманында өзекті мәселенің бірі болып отыр. Өйткені ғаламдану құбылысы барысында алуан түрлі тілдерде сөйлейтін адамдар бір-бірімен қарым-қатынасқа түсіп, әлем халықтарының бір-бірінің тілі мен мәдениетіне, тарихы мен әдебиетіне, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүріне деген қызығушылығы өсіп келеді. Ал мұндай мақсаттың тек тіл арқылы ғана жүзеге асатыны мәлім.

Сонғы он бес-жырма шақты жылдары қазақ тіл білімінде сакральды атаулардың, лексиканың тақырыптық тобы, оларды зерттеудің әдістері, қолданылуы секілді мәселелер қарастырылады. Киелі ұғымды салыстырмалы зерттеуге бағытталған жұмыстар да барышылық, алайда олардың саны көп емес. *Kieli* ұғымын салыстыра зерттеген жұмыстарда бір-біріне типологиялық жағынан (мыс., орыс-болгар, ағылшын-орыс), дін жағынан (христиан) жағынан жақын тілдер ғана салыстырылған. Ал бір-біріне туыс емес тілдердің фактілері тұрғысынан киелі ұғымын салғастырған жұмыстар жоқтың қасы деуге болады. Бұл жұмыстың өзгешелігі де сонда – бір-біріне типологиялық жағынан да, дін жағынан да жақын емес тілдердің, яғни ағылшын тілі мен қазақ тілі деректерінің киелі ұғым тұрғысынан салғастырылуы болып табылады. Осыған дейінгі салыстырмалы зерттеулерде (мыс., Г.Казаков, т.б.) киелі ұғым діні лексика тұрғысынан сипатталды және олардың класификациясы жасалып, тақырыптық топтары белгіленді. Алайда киелі ұғымды тек діннің шеңберінде ғана қарастыру жеткіліксіз. Біздің ойымызша, киелі ұғымның қалыптасуы,

белгілі бір заттың, нысандың қастерленуі табиғатпен, қоршаған ортамен байланысты болатын секілді.

Осыған байланысты екі тілге ортақ ұғымдардың киелі мәнін ашу, тілдік репрезентациясын жасау үшін докторант дәстүрлі, сипаттамалы әдістермен қоса, философиядағы метафизикалық сипаттауды қолданады. Көптеген салғастырмалы зерттеулерде екі тілдің дерегін салыстырумен, бір тілден екінші тілдің өзшелігі немесе ұқсастығын көрсетумен ғана шектелсе, бұл зерттеу жұмысында тілдік бірліктердің мәнін қазіргі адамтану бағытына сәйкес мифология, дінтану, этнография, тарих, археология және тағы басқа да көптеген ғылымдардың деректерін пайдалана отыра салыстырып, киелі ұғымдар (сандар, жануарлар: жылқы, бөрі мен ит) табиғатын жаңа қырынан ашуға талпыныс жасайды. Бұл айтылғандардың барлығы жұмыстың өзекті екенін танытады.

М. А. Алшынбаеваның диссертациялық жұмысында шешуге қойылған зерттеу міндеттеріне сәйкес келесі ғылыми нәтижелер алынды: ғалымдардың киелілікке қатысты ой-тұжырымдары сараланды, діни, мифологиялық, этнографиялық деректер арқылы туыс емес екі тілдегі киелі сандардың табиғатын ашылып, универсалды түсініктердің пайда болуы туралы түсініктер түсіндірілді, пәнаралық байланыс арқылы жылқы малына қатысты түсініктердің киелілік табиғаты айқындалып, киелі ұғымдарды сипаттайтын ағылшын, және қазақ тілдеріндегі атаулар мен тұракты тіркестер анықталды және екі тілдегі ит компонентті тұракты тіркестердің киелілік табиғаты археологиялық, этнографиялық деректермен ашып көрсетіліп сипатталды, екі тілдегі бөрі/қасқыр бейнесімен байланысты сөздері салыстыра, сараланды.

Жұмыс ғылымға елеулі үлес қоса алады, оның маңыздылығы жан-жақты ашылған. Туыс емес екі тілдегі танымал авторлардың шығармаларын салыстырмалы-салғастырмалы түрдө зерттеу, киелі/қасиетті ұғымдардың қазақ және ағылшын тілдерінде пайда болу жолдарын, олардың тілдерде қолданылу ерекшеліктерін қарастыруы мәдени және ұлтаралық коммуникацияда маңызды мәселелердің біріне жатады. Сол себепті ұсынылып отырған зерттеу жұмысы тіл білімін дегі маңызды тақырыптардың бірі болып саналады.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы қазақ және ағылшын тілдеріндегі киелі ұғымдар туралы ой-тұжырымдар, алынған нәтижелер, киелі ұғымдарға қатысты тұракты тіркестер, фразеологиялық бірліктер және мақал-мәтелдерді шетел тілдері және филология факультеттерінде оқылатын элективті курстарда косымша материал ретінде пайдалануға болады.

Зерттеу жұмысындағы теориялық түсіндірмелерді келешекте жазылатын еңбектерге арқау боларлық зерттеу ретінде тануға болады. Сондай-ақ лексикологияға, тіл тарихы, салыстырмалы, салғастырмалы лексикологияға қатысты мәселелерді шешуде қолдануға болады.

Зерттеу тақырыбы бойынша диссиденттант көп ізденді. Шотландияда тағыламдама (стажировка) болған кезінде тақырыпты толық ашу үшін көптеген ғылыми еңбектер қорын қарап шықты, жергілікті халықпен, ғалымдармен киелі ұғымдар туралы әңгімелесіп, тілдік деректер жинастырды.

Сондай-ақ отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеу нәтижелерін, тұжырымдарын талдап, саралай алды.

Жұмыстың мазмұнына тікелей қатысы бар қазақ және шетелдік ғалымдардың еңбектеріндегі ой-пікірлер біршама кең түрде қорытылып, қойылған мақсат-міндеттерге сәйкес теориялық-әдіснамалық негіз ретінде ұтымды пайдаланды.

Ізденушінің ғылыми-зерттеу жұмысының негізгі мазмұны халықаралық, республикалық, ғылыми-практикалық конференцияларда жарияланған жұмыста, оның ішінде Scopus және WoS халықаралық мәліметтер базасындағы журналда – 1, КР Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен журналдарда – 4, халықаралық және республикалық конференция жинақтарында 4 мақала (шетелдік –3, отандық –1), басқа басылымдарда 2 мақала жарияланды.

8D02301 – «Филология» білім беру бағдарламасы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін қорғауға ұсынылған Алшынбаева Молдир Айdosовнаның «Киелі ұғымдардың тілдік қөрінісі (қазақ, ағылшын тілдеріндегі материалдар негізінде)» тақырыбындағы диссертациялық зерттеуі ғылыми диссертацияларды орындауға қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді, логикалық түрғыдан аяқталған өз бетімен жазған ғылыми зерттеу болып табылады.

Алшынбаева М. А. 8D02301 – «Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты, диссертацияны қорauға жіберуге болады.

Отандық ғылыми кеңесші,
филология ғылымдарының докторы,
Е.А. Бекетов атындағы ҚарУ
қазақ тіл білімі кафедрасының еңбек
сіңірген профессоры



Мажитаева Ш.